

Кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша қорытынды анықтама

2025-2026 оқу жылы барысында білім алушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында жоспарға сәйкес түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Оқушылардың болашақ мамандыққа деген қызығушылықтарын анықтау мақсатында сауалнамалар алынып, нәтижелері сараланды. Сауалнама барысында білім алушылардың бейімі мен қызығушылықтарына сәйкес мамандық таңдауға бағыт-бағдар берілді.

Кәсіби бағдар беру аясында 8-сынып оқушылары Т.Ж. Бегильдинов атындағы Әуе қорғаныш күштерінің Әскери институты ұйымдастырған іс-шараларға қатысып, әскери мамандықтар мен оқу орнының ерекшеліктерімен танысты.

(https://www.instagram.com/p/DX6WazJDLJA/?img_index=2&igsh=MWFsbWI0YWYWF6bHcwcA==)

9-сынып оқушылары түрлі колледждердің ашық есік күндеріне қатысып, оқу орындарындағы мамандықтар туралы ақпарат алып, материалдық-техникалық базаларымен танысты. Сонымен қатар, мамандықтар жәрменкесіне қатысып, әртүрлі сала мамандарымен кездесіп, өздерін қызықтырған бағыттар бойынша мәліметтер алды.

11-сынып оқушыларына жоғары оқу орындарының өкілдері келіп, кәсіптік бағдар беру бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында талапкерлерге оқу орындарына түсу ережелері, білім беру бағдарламалары, грант мүмкіндіктері және сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, оқушылар Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ұйымдастырған ашық есік күніне қатысып, университеттің факультеттері мен мамандықтарымен танысты.

Жүргізілген жұмыстар барысында оқушыларға аймақтағы және республика көлеміндегі сұранысқа ие мамандықтар туралы мәліметтер беріліп, еңбек нарығындағы қажетті мамандықтардың ерекшеліктері түсіндірілді.

Қорытындылай келе, кәсіби бағдар беру жұмыстары білім алушылардың болашақ мамандықты саналы түрде таңдауына ықпал етіп, олардың кәсіптік бағыт-бағдарын айқындауға көмектесті.

Бейіндік сынып бойынша:

2025 оқу жылына жұмыс жоспарына сәйкес, №38 қазақ орта мектеп пен Ақтөбе техника-технологиялық колледжі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум негізінде бірқатар кәсіби бағдарлау іс-шаралары ұйымдастырылды. Мемлекет басымдықтары мен еңбек нарығы талабына сәйкес, мектеп базасында аспаз және кондитер мамандығына бағытталған бейіндік сынып ашылды.

Жалпы №38 қазақ орта мектеп Ақтөбе техника-технологиялық колледжімен меморандумға отырып, бірлескен кәсіби бағдарлау, тәжірибе сабақтары және шеберлік сағаттары жолға қойылды.

Қыркүйек айында атқарылған жұмыстар

Қыркүйек айының басында колледж мамандары мектепке арнайы келіп, 9 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында:

- колледждің мамандықтары таныстырылды;
- аспаз және кондитер бағытындағы оқу бағдарламасының мазмұны түсіндірілді;
- оқу-өндірістік зертханалар туралы ақпарат берілді;
- оқушыларға асхана жабдықтары, тағам әзірлеу үдерісі және қолданылатын технологиялар жөнінде көрнекілік көрсетілді.

Бұл іс-шара оқушылардың қызығушылығын арттыруға, кәсіптік бағыт тандауда алғашқы түсінік қалыптастыруға ықпал етті.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DPEuoWADJXR/?igsh=c2toY28yN3B1Y2hv>

Суреттер:



Қазан айында атқарылған жұмыстар

Қазан айында бейіндік сынып оқушылары «Рауда» кафесіне өндірістік-танымдық сапар жасады.


Іс-шара барысында оқушылар:

- нағыз кәсіби ортадағы жұмыспен танысты;
- мейрамхана асханасының жұмыс тәртібін көрді;
- аспаздардан тікелей пицца дайындау, мясо по-тайский әзірлеу, тандыр самса жасаудың қыр-сырымен танысты;
- тағам әзірлеудің қауіпсіздік ережелері мен технологиялық карталар туралы ақпарат алды.

Практикалық бөлімде оқушыларға кейбір қарапайым элементтерді өз қолымен жасап көруге мүмкіндік берілді. Бұл жұмыс олардың тәжірибелік дағдыларының қалыптасуына үлкен әсер етті.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DQJv8xVjK0R/?igsh=dWYzeDlteXFnYnAz>

Суреттер:



Қараша–желтоқсан айларында атқарылған жұмыстар

Жұмыс жоспарына сәйкес, қараша және желтоқсан айларында кәсіби бағдар беру мақсатында бірлескен іс-шара өткізілді.

Қараша айында бейіндік сынып оқушылары үшін “Point” боулинг орталығына өндірістік-танымдық экскурсия ұйымдастырылды.

Экскурсия барысында оқушылар:

- орталықтың асханасымен және өндірістік аймағымен танысты;

- тағам дайындау үдерісін, асхана жабдықтарының жұмысын көрді;
- әртүрлі тағам түрлерімен, мәзір құрастыру ерекшеліктерімен танысты;
- қоғамдық тамақтану саласындағы қызмет көрсету мәдениеті туралы мәлімет алды.

Желтоқсан айында осы экскурсияның жалғасы ретінде аспаздық бағытта шеберлік сағаты (мастер-класс) өткізілді.

Мастер-класс барысында:

- колледж мамандары мен кәсіби аспаздар тағам әзірлеу технологияларын көрсетті;
- тағамдарды дұрыс дайындау, безендіру және ұсыну әдістері үйретілді;
- оқушылар тәжірибелік тапсырмалар орындап, өз дағдыларын жетілдірді;
- аспаз мамандығының ерекшеліктері мен еңбек нарығындағы сұранысы түсіндірілді.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DSH6lKGDFfV/?igsh=cHd5ejRiem85bXJp>

Суреттер:



Қаңтар және Наурыз айларында атқарылған жұмыстар:

Жоспарланған «Ұлттық тағамдар және әлемдік ас үй» (қаңтар) және «Дәстүрлі қазақ тағамдары» (наурыз) шеберлік сағаттары тақырыптық ұқсастығына байланысты біріктіріліп, наурыз айында «Сандық» кафесінің базасында ауқымды мастер-класс форматында өткізілді. Бұл оқушыларға ұлттық тағамдардың дайындалу технологиясын

әлемдік сервис стандарттарымен салыстыра отырып, бір кезеңде тереңірек меңгеруге мүмкіндік берді.

Суреттер:



Сілтемесі:

https://www.instagram.com/p/DUqFTgOCJND/?img_index=1&igsh=enpnZTFiTdhd2ht

Сәуір айында атқарылған жұмыстар

Жоспар бойынша «Жергілікті аспаздармен кездесу және тағам мәзірі жобасы» колледжде өткен «Ашық есік күні» аясында сәтті жүзеге асырылды. Оқушылар колледж оқытушыларымен және әдіскерлерімен тікелей байланыс орнатып, кәсіби кеңестер алды.

Суреттер:




Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/reel/DXEYsKNDNfk/?igsh=MWRpZDQxa3YxOTE0bQ==>

Ақпан және Мамыр айларында атқарылған жұмыстар

Ақпан айына жоспарланған «Жас аспаз» мектеп ішілік байқауы кәсіби бағдар беру жұмысының нәтижелілігін арттыру мақсатында мамыр айындағы «JasSkills» қорытынды шарасымен біріктірілді. Байқаудың мамыр айына ауыстырылуы оқушылардың жыл бойы жинақтаған теориялық және практикалық (колледж бен кафедегі мастер-класстар) білімдерін «Кондитерлік шеберлік» көрмесінде толыққанды көрсетуіне жағдай жасады.

Суреттер:



Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/reel/DYzGAtzsP08/?igsh=MXQ3a2czMndycHQ0MQ==>

Қосымша атқарылған жұмыстар:

Бейіндік сынып оқушылары Бопай ханым атындағы жоғары медициналық колледжіне, Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжіне, Ақтөбе индустриалдық-кәсіптік колледжіне және Ақтөбе техникалық-технологиялық колледждеріне ұйымдастырылған ашық есік күндеріне қатысты. Іс-шара барысында оқушылар оқу орындарындағы түрлі мамандықтармен танысып, мұғалімдік, медициналық, техникалық, технологиялық және өндірістік бағыттағы мамандықтар туралы жан-жақты ақпарат алды. Сонымен қатар, мамандықтардың ерекшеліктері, оқу мерзімі, грант мүмкіндіктері, болашақтағы жұмыс орындары және студенттерге жасалған жағдайлар туралы мәліметтер берілді.

Сілтемесі:

https://www.instagram.com/p/DYeMT3ijB8d/?img_index=2&igsh=cWRjMHI3Y3VndG52

<https://www.instagram.com/reel/DXEYsKNDNfk/?igsh=MWRpZDQxa3YxOTE0bQ==>

Сондай-ақ оқушылар «WorldSkills Aqtobe – 2026» кәсіби шеберліктің аймақтық чемпионаты аясында ұйымдастырылған «КӘСІП ZHOL Y» жобасының көрмесіне қатысып, әртүрлі кәсіп салалары бойынша тәжірибелік жұмыстармен, заманауи мамандықтармен және кәсіби бағыт-бағдар беретін ақпараттармен танысты.

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DYjoHMaDO5d/?igsh=MWVodjJ2YnBlej4bg==>

<https://www.instagram.com/p/DY3sQdRsf8/?igsh=ZWMwOTR5YXAYMW83>

Сонымен қатар оқушылар Жастар ресурстық орталығына барып, жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар, мамандық тандау, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, еріктілік қызметі және жеке даму бағыттары бойынша ақпараттар алды. Кездесу барысында оқушыларға болашақ мамандықты дұрыс тандаудың маңыздылығы түсіндіріліп, өз қабілеттерін дамытуға бағыт-бағдар берілді.

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DXKHR4TjKLx/?igsh=MXZjaGZuMHJoanl1ZQ==>

Қорытынды:

Іс-шаралардың біріктірілуі мен ауыстырылуы жұмыс сапасына кері әсерін тигізген жоқ, керісінше, оқушылардың кәсіби тәжірибе жинақтауына жүйелі мүмкіндік берді. Кәсіптік бағдар беру жұмысы толық көлемде орындалды деп есептеледі.

Мектеп директоры:



Л.Ш. Урекешова